

**ИНЪЕКЦИЯҒА АРНАЛҒАН 10%-ТІК НОВОКАИНАМИД ЕРІТІНДІСІ ӨНДІРІСІН
ЖОБАЛАУ****Тасқұл Аяжан Әзімханқызы**

Оңтүстік Қазақстан Медицина Академиясының студенті, ҚР, Шымкент қ

Бахтиярова Балжан Алмаханбетовна

научный руководитель, Мед.ф.магистрі, аға оқытушы Оңтүстік Қазақстан Медицина Академиясы, ҚР, Шымкент қ

Аннотация. Статьяда инъекцияға арналған 10% тік новокаиномидті шығаратын өндірісі туралы жазылған. Қазіргі таңда өмірге өте қауіпті жүректің соғу жиілігінің бұзылуы қатары артқан. Жүрек бұлшықетінің қозғыштығы мен өткізгіштігі әлемдік проблема болып табылады. Жүрек бөлімдері жиырылу жиілігі, ырғағы және кезектілігінің бұзылуын ырғақсыздық деп атайды. Осындай аурулар кезінде нъекцияға арналған новокаиномидтің 10% ерітіндісі қолданылады. Сондықтан жобаның тақырыбы аса өзекті болып табылады. Инъекцияға арналған 10% тік новокаиномидті шығаратын өндірісі жайлы, яғни технологиялық регламенті көрсетілген.

Кілт сөздер: Инъекция, новокаиномид, жүрек бұлшықеттері, технологиялық регламент.

Кіріспе:

Жүрек ырғағының бұзылуы – жүрек бұлшықетінің – миокардтың қозуы мен жиырылу жиілігінің, ырғағының және реттілігінің бұзылуына әкелетін патологиялық жағдай. Жүректің ырғағы мен өткізгіштігінің бұзылуы жүрек-қантамыр ауруларының арасында алдыңғы орындардың бірін алады және тәуелсіз нозологиялық формалар немесе бірқатар аурулардың асқынуы ретінде көрінуі мүмкін. Аритмия кардиологиялық клиникада дерлік әрбір үшінші науқаста анықталады. Ал скрининг кезінде зерттелгендердің 25% -ында әртүрлі аритмиялар тіркеледі, олардың көпшілігі жүректің ауырсынуына немесе жүрек соғуына ешқашан шағымданбаған. Бұл жағдайдағы ең қиын нәрсе - кенеттен қайтыс болу жиі жүрек ырғағының бұзылуының алғашқы және соңғы симптомы болып табылады [1].

Ал осындай жағдайда алғаш көмек ретінде және ауруды емдеу барысында қолданылатын дәрілік түр ретінде ең қолайлысы ампулалы инъекциялық ерітінді. Себебі ес түссіз жатқан науқасқа инъекциялық дәрілік түрді салу парентеральді енгізуге қарағанда тиімді.

Новокаиномид-қазіргі уақытта қол жетімді ең ұзақ қолданылған және тиімді антиаритмиялық препараттардың бірі. Прокаиномидтің әсер ету механизмі натрий иондарының жылдам ток кірісінің тежелуімен, 0 фазадағы деполяризация жылдамдығының төмендеуімен байланысты. Сондай-ақ, ол өткізгіштікті тежейді және реполяризация фазасын баяулатады, жүрекшелер мен қарыншалардың миокардының қозғыштығын төмендетеді. [2].


Инъекциялық ерітінділерді дәрілік затпен бірге енгізгенде ағзаның жергілікті немесе жалпы инфекциясын тудыратын микроорганизмдер түсуі мүмкін. Сондықтан инъекцияға арналған ерітінділерді стерильдейді және оларды асептика ережелерін мінсіз орындау жағдайында

дайындайды.

Ерітіндімен бірге ағзаға механикалық бөлшектер түсуі мүмкін. Дайын өнімге механикалық қоспалардың түсуінің негізгі көздері: өндірістік үй-жайларды ауыстыру, қосалқы материалдар, қолданылатын жабдықтар, ампулалар, персонал болып табылады. Осыған байланысты аса жауапты операциялар 1-сыныптың таза үй-жайларында жүргізіледі. Ерітіндімен толтырылған ампулаларды шығарар алдында оларды 100% көзге көрінетін механикалық қоспалардың жоқтығын тексереді.

Ампулалық шынының сапасы өте маңызды рөл атқарады. Өйткені ол көп жағдайда инъекциялық ерітіндінің тұрақтылығын анықтайды. Ол мөлдір, химиялық және термиялық төзімді, оңай балқытылуы керек [3].

10 % новокаиномид ерітіндісін жобалу барысында технологиялық схемасы құрастырылды(сурет 1).



Сурет 1. Инъекциялық новокаиномид ерітіндісінң технологиялық схемасы

Қорытынды: Инъекцияға арналған 10% тік новокаиномидті шығаратын өндірісінің технологиялық алыну жолы тиімді болып табылады. Келесі негізгі саты аппаратуралық схемасының тиімді әдісін анықтау болып табылады. Жұмыс жалғасуда.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://el-klinika.ru/aritmia-serdca-prichiny-simptomy-lechenie/>
2. <https://helix.ru/kb/item/15-040>
3. Сағындықова , Б. А. Дәрілердің өндірістік технологиясы, 272 б

